


Бекітемін:

Көкшетау қаласы, Абай атындағы
(қазақ тілінде оқытылатын) дарынды
балаларға арналған №3 облыстық
мамандандырылған

мектеп – интернаты директоры

«» А. Курмашева

«» 2025 жыл

**«Ақмола облысы білім басқармасының
«Көкшетау қаласы, Абай атындағы
(қазақ тілінде оқытылатын) дарынды
балаларға арналған №3 облыстық
мамандандырылған мектеп-интернаты»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
2024 -2025 оқу жылындағы
оқу–тәрбие жұмысының жылдық
талдауы**

Көкшетау қаласы, 2025 жыл

Ақпараттық анықтама

Атауы: **Оқу жұмысының жылдық талдауы**

Нақты мекен-жайы: Көкшетау қаласы, Ж.Саин көшесі 20А Телефондары:

Мектеп директоры: 77-10-29

Қабылдау бөлмесі: 77-10-29

E-mail: kazinternat@mail.ru

Мектепте 7-11-ші сынып оқушыларын оқыту жүзеге асырылады. Оқыту тілі-қазақша.

Мектеп мына режиммен жұмыс істейді:

- 7-11 жалпы білім беру сыныптары—5 күндік жұмыс аптасы;
- Сабақтың басталуы: 08:30-ден бастап;
- Сабақтың ұзақтығы – 45минут.

Бір күндік және апталық сабақ режимі мектеп директоры бекіткен сабақ кестесімен айқындалады.

Оқу жылының ұзақтығы 7-11-ші сыныптарда 34 аптаны құрайды.

Оқушылар контингенті

- 2024-2025 оқу жылының басында мектепте 196 оқушы оқыды. Оқу жылының соңында – 190 , оның ішіндегі

- 7-9 сыныптар – 129 оқушы, 8 сынып комплект;
- 10-11 сыныптар – 71 оқушы, 4 сынып комплект;
- 2024-2025 оқу жылындағы жинақ сынып саны-12

Сыныптардың орташа толымдылығы:

- 7-9 сыныпта 17 оқушыдан;
- 10-11сыныпта 19 оқушыдан.

3 жылдағы оқушылар контингентінің динамикасы

Оқу жылы	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы	2024-2025 оқу жылы
Оқушылар контингенті	200	207	190

3 жылдағы оқушылар контингентінің динамикасы

Оқу сатылары	2022/2023 оқу жылы			2023/2024 оқу жылы			2024/2025 оқу жылы		
	саны		орташа толымдылығы	саны		орташа толымдылығы	саны		орташа толымдылығы
	оқушы	сынып		оқушы	сынып		оқушы	сынып	
Негізгі мектеп	106	6	0,05	117	7	0,5	129	8	0,06
Орта мектеп	94	6	0,06	87	5	0,05	71	4	0,05
Мектеп бойынша барлығы	200	12	0,06	204	12	0,05	200	12	0,06

2024-2025 оқу жылында контингент 4 оқушыға кеміді, 2023-2024 оқу жылымен салыстырғанда.

Мектептің материалдық – техникалық базасы.

Мектептің ғимараты 1963 жылы салынған, Жылу және сумен қамтамасыз ету орталықтандырылған. Оқу ғимаратының жобалық сыйымдылығы 277 орынды құрайды.

Барлығы 41 оқу кабинеті, оның ішінде 21 оқу кабинеті (жалпы ауданы 933 м2), 2 технология кабинеті (жалпы ауданы 112 м2), мәжіліс залы, спорт залы, психолог кабинеті, кітапхана(10 орын) , медициналық кабинет. Жұмыс алаңы 2115,8 м2.

Биылғы оқу жылында «Абайтану», «Қазақ тілі», «Тарих», «Физика» кабинеттері алынды. 10- оқу кабинетіне интерактивті панель, оқу жабдықтарының жиынтығы (моноблок)-15 дана.

Оқу кабинеттері мен зертхана, бөлмелер туралы мәлімет

1 қабат - 16 кабинет:

тамбур-9,2м²

вестибюль-175,8м²

дәліз-177м²

гардероб-54,3м²

буфет-47м²

2 қабат – 14 кабинет:

дәліз-209,3м²

бухгалтерлік есеп-47,6м²

оқу ісі жөніндегі орынбасарының кабинеті-14,7м²

конференц-залы-64,9м²

санитарлық бөлмелер-32,5м²

3 қабат – 12 кабинет:

дәліз-161,5м²

психолог кабинеті-36,5м²

мұрағат-10,9м²

мәжіліс залы-170,9м²

санитарлық бөлмелер-33,2м²

Жас мамандармен жұмыс.

2024-2025 оқу жылында мектеп-интернатында 1 жас маман жұмысқа қабылданды:

Айдарханов Алихан Нурланович – ағылшын тілі пәнінің мұғалімі;

Жас маманға тәлімгер қазақ тілі пәнінің мұғалімі, педагог- зерттеуші Ахат Алтыншаш Досымбекқызы тағайындалды:

Жас және жаңадан келген педагогтерге әдістемелік көмек көрсетуді ұйымдастыру үшін «Жас педагог» мектебі құрылды, директордың бұйрығымен тәлімгерлер тағайындалды.

Жас маман мектебінің жұмысы «Тәлімгер мұғалімнің жас маманмен жұмыс жоспарына» сәйкес жүргізілді және келесі қызмет бағыттары бойынша жүргізілді:

- мектеп құжаттарын жүргізу;
- оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру;
- жас мұғалімді әдістемелік сүйемелдеу;
- өздігінен білім алу бойынша жұмыс;
- жас маманның бейімделуінің психологиялық негіздері.

Жас маманмен жұмыс істеудің бірінші «бейімделу» кезеңінде мұғалімнің оқушылармен жұмыс істеу ерекшеліктерімен, мектептің ереже, жарғысымен таныстырылып, жалпы шолу жасалынды. Екінші кезекте құжаттармен жұмыс істеу бойынша жас маманға «Күнделік.кз» платформасына тіркеліп, сынып журналымен жұмыс жасаудың нұсқаулығымен таныстырылды. Әр жас маманға өз пәні бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлауды, қысқа мерзімді сабақ жоспарларын құруға, оны «Күнделік.кз» платформасына жүктеуге бағыт-бағдар берілді.

Келесі «негізгі кезең» бойынша жас маман тәлімгердің сабақтарына қатысып, әдістемелік бағыттағы жұмыстарын жалғастырды. Сондай-ақ, тәлімгер де жас маманның сабақтарына кіріп, сабақты талдауға, критериялы бағалауды дұрыс ұйымдастыруға, жаңа инновациялық технологияларды өз сабақтарында тиімді пайдалана білуге үйрету, сыныптан тыс іс-шараларды ұйымдастыру жұмыстары жоспарланып өткізілді. Жас маман өзін толғандырған мәселелермен бөлісіп, кеңес алып отырды. Жас маманмен сабақтардың барысына талдау жасалынып, сабақтарына өздігінен талдау жасай білуге үйренді.

Жас маман жыл бойында келесідей нәтижелерге қол жеткізді.

№	Жас маманның аты-жөні	Неше семинарға қатысты	Неше сабаққа қатысып, тәжірибелі ұстаздардан дәріс алды	Оқушыларының білім сапасы	Өзінің жетістіктері	Оқушылардың жетістіктері
1	Айдарханов Алихан Нурланович	Ағылшын тілі пәні мұғалімдеріне арналған қалалық семинар.	Қазақ тілі, қазақ әдебиеті, алгебра, биология, ағылшын тілі.	96,87%	Облыстық дебат турнирлеріне Алғыс хат ағылшын лигасы төрешілігі үшін. Дарынды балаға - талантты ұстаз қалалық байқауында 3 орын алды	Алшымбай Алуа республикалық пән олимпиадасының қалалық кезеңінен 2-орын.

Қорытындылай келе, жас маманға теориялық білімді жүзеге асыру, кәсіби, әдістемелік көмек, бағыт-бағдар беру жұмыстары жүргізілді.

2024-2025 оқу жылында инварианттық және вариативті компоненттегі ЖМБ пәндерді ағылшын тілінде оқыту туралы:

2024-2025 оқу жылында 7 «А» сыныбында - вариативті компоненттегі физика, химия, информатика, биология таңдау пәндері ағылшын тілінде оқытылды. 7 «Б», 7 «В» сыныбында - вариативті компоненттегі физика, химия, информатика жеке және топтық пәндері ағылшын тілінде оқытылды. 8 «Б», 8 «В»- сыныптарда инварианттық компоненттегі физика, химия, информатика, биология пәндері және физика, химия, информатика жеке және топтық вариативті компоненттегі сағаттар ағылшын тілінде оқыту жалғастырылды.

Химия пәні мұғалімі Сағатай А.А жоғары оқу пәнді ағылшын тілінің С₁ деңгейі, физика пәні мұғалімі Болатов Б.Ж., информатика пәні мұғалімі Карманова Г.М., оқу пәні ағылшын тілін В₁, В₂ деңгейде меңгеріп аяқтаған. Биология пәні мұғалімі Торсунова Б.Р. ТКТ GLIL биология сабақтарын ағылшын тілінде берілуін С₁ деңгейі меңгерген.

Ағылшын тілінде оқытылған пән	Сыныптар	Оқушы саны	Мұғалім
Биология	7а, 7б, 7в, 8б, 8в	75	Торсунова Б.Р.
Информатика	7а, 7б, 7в, 8б, 8в	75	Карманова Г.М.
Химия	7а, 7б, 7в, 8б, 8в	75	Сағатай А.А.
Физика	7а, 7б, 7в, 8б, 8в	75	Болатов Б.Ж.
Барлығы:		75 оқушы (39,5%)	

Биология пәнінің мұғалімі Торсунова Б.Р. «Life cycle of mosses Споралы өсімдіктер мүктердің тіршілік циклі» тақырыбында 8 «Б» сыныбының 1 тобымен ашық сабақ өткізді. Оқушылар сабаққа белсенді қатысып, білімдерін тәжірибеде көрсете алды. 8 сыныптар арасында “Genius game” зияткерлік ойыны өткізді. Зияткерлік ойын бірнеше кезеңдерден тұрды. Атап айтқанда, Ортағын тап, Формуланың жауабын тап, Plickers, Мнемокарталармен жұмыс және инфографикамен жұмыс болды.

Химия пәнінің мұғалімі Сағатай А.А. «Тағам құрамындағы қоректік заттар. № 4 практикалық жұмыс «Тағам құрамындағы қоректік заттарды анықтау» тақырыбында . «В» сыныбында ашық сабақ өткізді. Оқушылар сабаққа белсенді қатысып, білімдерін тәжірибеде көрсете алды.

Физика пәні ағылшын тілімен интеграцияланған түрде өткізіліп, оқушылардың тілдік құзыреттілігін де дамытуға бағытталған. Оқушыларға физиканың негізгі ұғымдары мен заңдылықтарын меңгерту, логикалық және сыни ойлау қабілетін жетілдіру, ғылыми жобалармен жұмыс жасау, сондай-ақ пәндік олимпиадаларға сапалы дайындық жүргізу көзделді.

Күтілетін нәтижелер

Физика ғылымының негіздерімен терең танысып, табиғаттағы түрлі құбылыстарды ғылыми тұрғыдан түсіндіре алады;

Әр түрлі физикалық процестерді талдап, математикалық моделдеу, формула мен есеп шығару әдістерін меңгереді;

Физиканың тылсым және ашылмаған сырларына деген қызығушылықтары артып, ғылымға деген құштарлықтары күшейеді;

Ағылшын тілінде ғылыми терминологияны еркін қолдана алады;

Физикалық эксперименттер мен тәжірибелер арқылы практикалық дағдыларын дамытады;

Ағылшын тілін меңгеру арқылы, халықаралық ғылыми ресурстармен жұмыс істей алады;

Пән бойынша мектепшілік, аудандық, облыстық олимпиадаларға белсенді қатысып, жүлделі орындарға қол жеткізеді;

Оқу-тәрбие процесін талдау:

Оқу жоспарын құруға негіз болатын құжаттар тізбесі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, «Педагог мәртебесі туралы», Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын, «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы» заңдарды
2. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен);
3. «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 8.11.2012 ж. № 500 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022 ж. № 365; 30.09.2022 ж. №412 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен және **63,67,95,96** -қосымшалар;
4. «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы 21.11.2022 ж. ;
5. «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» ҚР БҒМ 18.03.2008 ж. № 125 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 13.04.2023 ж. №96 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен;
6. «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 22.05 2020 ж № 216 бұйрығы, ҚР Оқу- ағарту министрі м.а. 22.05.2023 ж. №140 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен, жаңа редакцияда - ҚР Оқу- ағарту министрінің 03.07.2023 ж. № 194 бұйрығымен);
7. «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай- ақ арнайы білім беру ұйымдарын

жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 22.01.2016 ж. №70 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.07.2023 ж. №193 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен);

8. «Мамандандырылған білім беру ұйымдарының желісін және дарынды балалармен жұмыс жөніндегі оқу-әдістемелік кеңес туралы ережені бекіту туралы» (ҚР БҒМ 1.07.2015 ж. № 428 бұйрығы, 02.02.2022 ж. №34 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен);

9 «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 6.04.2020 ж. № 130 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 17.03.2023 ж. №68 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен);

10. «Қашықтықтан білім беру технологиялар бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 20.03.2015ж № 137 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» (ҚР БҒМ 3.11.2021 ж. №547 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен);

11. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ міндетін атқарушының 16.05.2008 ж. №272 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» 02.04.2020 ж. № 125 бұйрығы;

12. «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары (ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.08.2021 ж. № ҚР ДСМ-76 бұйрығы);

13. «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» (ҚР БҒМ 14.01.2016 ж. №26 бұйрығы);

14. «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 12.10.2018 ж. №564 бұйрығы);

15. «Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы» (ҚР БҒМ 12.01.2016 ж. №18 бұйрығы);

16. «Жеңімпаздары, жүлдегерлері және оларды дайындаған педагогтер бюджет қаражаты есебінен біржолғы сыйақымен көтермеленетін жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалардың тізбесін бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 20.07.2022 жылғы №333 бұйрығы);

17. «Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесін және оларды іріктеу өлшемшарттарын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 7.12.2011 жылғы № 514 бұйрығы);

18. «Білім беру деңгейлері бойынша сапаны қамтамасыз ету жөніндегі басшылықты бекіту туралы» (ҚР БҒМ 23.06.2022 ж. №292 бұйрығы);

19. Көкшетау қаласы, Абай атындағы (қазақ тілінде оқытылатын) дарынды балаларға арналған № 3 облыстық мамандандырылған мектеп – интернаты» КММ Жарғысы.

№ 3 Көкшетау қаласы «Абай атындағы» ДБАОММИ КММ оқу жоспары негізгі орта білім беру бағдарламаларын меңгеруде

7-8-9 сыныптарында:

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы)

- «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 8.11.2012 ж. № 500 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022 ж. № 365; 30.09.2022 ж. №412 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен және **63,95** - қосымшалар;

10-11 сыныптарында:

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы)

- «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу

жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 8.11.2012 ж. № 500 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022 ж. № 365; 30.09.2022 ж. №412 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен және **67,96** - қосымшалар;

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұнын 7-9 сыныптарда дене шынықтыру пәні мұғалімдері жылдық оқу жүктемесінен 15 сағат іске асырады.

10- сыныптардағы «Өмір қауіпсіздігінің және ақпараттық технологиялар негіздері» алғашқы әскери және технологиялық даярлықты ұйымдастырушы оқытушылардың жылдық оқу жүктемесі 12 сағатты құрайды. Өмір қауіпсіздігінің негіздері бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу уақытында өткізіледі.

11-сыныптардағы «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны «Алғашқы әскери және технологиялық даярлық» оқу курсы шеңберінде 12 – сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери және технологиялық дайындық оқытушы ұйымдастырушымен іске асырылады. Өмір қауіпсіздігінің негіздері бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу уақытында өткізіледі.

Оқушылардың зерттеушілік қызығушылығын дамыту үшін әрбір бейіндік пән бойынша пәндерді тереңдете оқу, пәндік зияткерлік сайыс, олимпиадаларға дайындау мақсатында әр сыныпқа **4 сағат** есебінен төмендегідей пән негіздері енгізілді. Барлық сағат саны- 16

10-сыныптарда: «Молекулалық биология негіздері», Қиындығы жоғары есептерді шығару жолдары (математика), «Python» тілінде бағдарламалау»

11-сыныптарда: «Extensive reading in English», «Молекулалық биология негіздері», «Қиындығы жоғары есептерді шығару жолдары (математика) пәндерді тереңдетіп оқытуға берілді.

Ерекше дарындылық көрсеткен балалармен жеке жұмыс жүйесін ұйымдастыру, зияткерлік конкурс, олимпиадаларға дайындау мақсатында «Жеке тұлғаны бағыттау компоненті» бөлігінен жоғары білікті мамандарды шарттық негізде жұмысқа тарта отырып, курстар мен дәрістерге бейіндік пәндерден 8-11 сыныптарға 1500 жылдық жүктеме қарастырылып, аптасына **44 сағатты** құрайды.

ЖЕКЕ ТҰЛҒА (ЖОО)	8 а	8б	8 в	9а	9б	10 а	10 б	11 а	11 б	Сағат саны
Математика пәнінен олимпиадаға дайындық	1	2	2	1	2		1		1	10
Биология пәнінен олимпиадаға дайындық		1	1	1	1	1	1	1	1	8
Қазақ тілі және әдебиеті	1			1		1		2		5
Ағылшын тілі пәнінен олимпиадаға дайындық	2			2		2		1		7
Химиядан сандық және сапалық есептерді шығару тәсілдері		1	1		1	1		1	1	7
Физикадан олимпиадаға дайындық		1	1		1					3
Қазақстан тарихы пәнінен олимпиадаға дайындық							2		2	4
БАРЛЫҒЫ	4	5	5	5	5	5	5	5	5	44

Қорытынды: Олимпиада, байқауларда жоғары нәтиже көрсететін оқушылар саны артады;

Оқушылардың пәндік қызығушылығы тереңдейді; Мектептің білім сапасы мен зияткерлік имиджі көтеріледі; Әр оқушының жеке білім беру траекториясы қалыптасады.

Оқушылардың шығармашылық және зерттеушілік қызметін дамыту мақсатында жеке сабақтан тыс жұмыстар үшін 7-11 сыныптардағы әр сыныпқа 0,25 мөлшерлемесі негізінде 4 сағат бөлінді. 7-11 сыныптарда аптасына барлығы 48 сағат.

ҮЙІРМЕ	7а	7б	7в	8а	8б	8в	9а	9б	10а	10 б	11 а	11 б	сағат саны
Би үйірмесі	2	1		2									5
Робототехника		2					2					2	6
Медиа алаң				2			2						4
Театр және көркем					2			2		2			6
Алтын домбыра			2			2			2				6
Шебер қолдар	2		2					2					6
Шешендік өнер		1									2		3
Жас эколог					2								2
Көшбасшылық						2			2				4
Интеллектум											2	2	4
Ұшқыр ой алаңы										2			2
БАРЛЫҒЫ	4	4	4	4	4	4	4	4	4	4	4	4	48

Қорытынды: Оқушылардың зерттеушілік қабілеттері артты. Жобалар мен ғылыми жұмыстардың сапасы мен саны көбейді. Шығармашылық пен сыни ойлау дағдысы нығайды. Мектептің зияткерлік белсенділігі мен беделі көтерілді.

7-9 сыныптарда жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша

Мамандандырылған компоненттен математика физика, алгебра, химия, биология пәндерін тереңдетіп және кеңейтіп оқытуға берілді. Жеке және топтық жұмыс «Introduction to Computer Science» (информатика), «Learning basic physics» (физика), «Introduction to Chemistry» (химия), «Абайтану», «Қазақстан тарихы», «English as a world language» (ағылшын тілі).

7-9 сыныптарда қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша

- негізгі орта білім беру бағдарламасын басқа ала отырып, мектеп оқулығындағы берілген материал әр түрлі көлемде, деңгейде тереңдетіліп оқытылу мақсатында таңдау пәндері берілді.

7 «А» - сыныбында «Алгебра», «Learning basic physics» (физика), «Introduction to Chemistry» (химия), «Introduction to Computer Science» (информатика), «Basic biology» (биология)

8 «А» - сыныбында «Алгебра», «Learning basic physics» (физика), «Introduction to Chemistry» (химия), «Introduction to Computer Science» (информатика)

9 «А»- сыныбында «Алгебра», «География», «Биология», «Қазақстан тарихы», «Элективті курстар «Шешендік сөз өнері»

10,11 – жаратылыстану математикалық бағыттағы сыныптарында мамандандырылған компонент «Қазақстан тарихы», «Шетел тілі» «География», «Химия», «Биология», «Информатика», «География», 11 «А»- сыныбында «Биология», «Информатика» пәндерін тереңдетіп және кеңейтіп оқытуға берілді. Оқу жоспарының вариативтік компоненті есебінен «Жаһандық құзыреттілік» (аптасына 1 сағат) курсы енгізілді.

«Вариативтік компонент есебінен дамыта оқытудың негізгі мақсатын жүзеге асыру үшін таңдау бойынша пәндер және элективті курстар енгізілді.

10-сыныптарында «Алгебра және анализ бастамалары» пәнін тереңдетіп оқытуға берілді. Сонымен қатар, оқушылардың таңдауы бойынша енгізілді.

Оқушылардың таңдауы бойынша, медициналық, биологиялық мамандықтарға түсу мақсатында «Адам

анатомиясы мен физиологиясы», Оқушыларды болашақ ІТ және техникалық мамандықтарға дайындауда, физика, математика, биология есептерін модельдеу және симуляциялау үшін қолданылуда «Python бағдарлама асында есептер шығару», Оқушылар үшін ойды жүйелі жеткізуді, сыни тұрғыда ойлауды, дәлелдеп сөйлеуді және жеке пікір білдіруді үйрететуде эссе жанры қазіргі заманда барлық мамандықтағы адамдар үшін негізгі іскерлік қарым-қатынас жасаудың, табысқа қол жеткізу үшін өз жаңалығын жүзеге асырудың, басқа адамдардың ой-пікіріне көзарасын білдіру үшін негізгі жазу түрі болып қалыптасып отыр. Сол себептен

«Эссе жазудың ториясы мен тәжірибесі» элективті курсы оқушыларға өзінің шешімі мен тұжырымын сауатты беруді үйрету мақсатын іске асырылды.

Оқушылардың ағылшын тілін жоғары деңгейде меңгеруін, халықаралық стандарттарға сай білім алуын, және нақты өмірде, академиялық ортада қолдана алатын дағдыларды қалыптастыруда «Advance your English» элективті курсы оқытылды.

Оқушылардың ұлттық рухын оятып, Абай арқылы адамгершілікке, білімге, еңбекке тәрбиелеуде «Абайтану» курсы жаратылыстану математикалық бағыттағы сыныптарда жүзеге асырылды.

Туризм географиясы элективті курсы оқушыларды әлемнің географиясымен, табиғи және мәдени мұраларымен таныстырып, саяхаттау мәдениетін, туған елге деген сүйіспеншілікті қалыптастыру, география мен экономика, мәдениет пен экологияны біріктіретін, өте заманауи әрі болашаққа бағыттау.

11-сыныптарында:

Оқушылардың ҰБТ –де «Математикалық сауаттылық» таңдау курсы күнделікті өмірмен байланысты математикалық, логикалық, қаржылық есептерді түсініп, тиімді шеше алу қабілетін анықтауға үйретеді. «Қазақстан тарихының маңызды аспектілері» таңдау курсы оқушының еліміздің тарихына қатысты білімін, тарихи оқиғалар арасындағы себеп-салдар байланысын түсінуін және деректермен жұмыс істеу дағдысын бағалау дағдысын қалыптастырады.

Қорытынды: мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт толығымен орындалды, оқу жұмыс жоспары ҚР ОАМ бекіткен үлгілік оқу жоспарына сәйкес құрастырылып, толық іске асырылды.

2024-2025 оқу жылындағы оқу үлгерімінің қорытындылары мен білім сапасы

Сынып	Оқушы саны	Оқу үздіктері	Екпін -ділер	Қанағаттанарлық	Үлгермеушілер	Сапа %	Оқу үлгерімі %	Сынып жетекшілері
7«А»	15	1	9	0	0	80	100	Әдей Ж
7«Б»	17	3	12	2	0	88,23	100	Шалабаева А.Б.
7«В»	15	2	12	1	0	93,33	100	Қуспекова К.М.
8«А»	13	0	9	4	0	76,92	100	Темірбек И.Т.
8«Б»	13	7	6	0	0	100	100	Маженова А.А.
8«В»	15	3	5	7	0	80	100	Караманова Г.М.
9 «А»	15	2	13	0	0	100	100	Даулеткалиева Т.Б.
9 «Б»	16	3	13	0	0	100	100	Сағатай А.А.
10 «А»	19	5	14	0	0	100	100	Онгарбай Ж
10 «Б»	19	3	13	3	0	89,47	100	Жетписбаева К.Б.
11 «А»	16	2	14	0	0	100	100	Муратов М.Б.
11 «Б»	17	3	14	0	0	100	100	Болатов Б.Ж.


Жиыны:

- Оқу үздіктері – 35 (18,42%), алдыңғы оқу жылында - 40 (29%);

- Екпінділер – 1 4 1 (74,22%), алдыңғы оқу жылында 141 (64%)

-Үлгерушілер («3»-і бар оқушылар) – 26 (7,36%),

7-11 сыныптардың білім сапасы



2024- 2025 оқу жылының қорытындысы бойынша оқушылардың білімі, машықтары мен дағдылары сапасының жай-күйі

№	Сыныпта р	Оқушы саны	Үздіктер	Екпінділе р	Үлгерімде р төмен	Сапа %	Оқу үлгерімі %
1	7-ші	47	6	33	8	82,9%	100%
2	8-ші	41	10	20	11	73,1%	100%
3	9-шы	31	5	26	0	100 %	100%
Жиыны 7-9		119	21	79	19	84,12%	
7	10-шы	38	8	27	3	92,1 %	100%
8	11-ші	33	5	28	0	100 %	100%
Жиыны 10-11		71	13	55	3	95,7%	100%
Мектеп бойынша барлығы		190	34	134	22	88,42%	100%

Оқушылар арасында бір пәннен «4», қалған пәндерден «5»-ке қорытылған үздікке үміткер оқушылар саны – 1. 8 «Б» сынып оқушысы Жанұзақ Ажар химия пәнінен.

Білім сапасын төмендетін «3»-ке аяқтаған оқушылар саны 22 (11,5%), оның ішінде бір пәннен «3»-ке қорытылған 7- сынып оқушыларынан – 5.

Мәселе: Қабілеттері бар оқушыларға жеке педагогикалық қолдаудың болмауы.

Пән мұғалімдерінің үлгерімі төмен оқушылармен жеке олқылықтардың орнын толтыру жұмыс ұйымдастырудың жеткіздісіздігі.

Шешім: Оқушылар арасында бір пәннен «4», қалған пәндерден «5»- ке қорытылған үздікке үміткер оқушылармен жеке жұмыс жүргізу.

Қабілеттері бар оқушыларға жеке педагогикалық қолдау көрсету мақсатында, бір пәннен “4” болған жағдайда, уақытылы мониторинг жүргізу, олқылықтарды жою. Олимпиадалар, жобалар, ойындар арқылы пәнге ынтасын ояту

3 жылдағы оқу сатылары бойынша білім

сапасының көрсеткіштері

Оқу сатылары	2022/2023 оқу жылы		2023/2024 оқу жылы		2024/2025 оқу жылы		Динамика (соңғы ек і жылды салыстырған д а)
	Оқуш ы саны	Сапа %	Оқушы саны	Сапа %	Оқуш ы саны	Сапа %	
7-9 сыныптар	106	81,13%	119	84,8%	119	84,12%	+0,68
10-11 сыныптар	94	87,23%	88	90,9%	71	88,42%	-2,48

Білім сапасының нәтижесінде алдыңғы жылмен салыстырғанда 10-11- сынып оқушыларының білім деңгейі шамамен 2%-ға төмендеген.

Шешім: Әр пәннен тоқсандық, жылдық бақылау жұмыстарын талдау.Қиын тақырыптарды оқытудың жаңа тәсілдерін енгізу (графика, видео, практикалық мысалдар). «4» пен «3» алып жүрген оқушылармен жеке траектория жасау.Мақсат қою **әдісі:** әр оқушы ай соңына дейін қандай жетістікке жетуі керектігін нақты білуі керек. Мотивациялық қолдау (психолог, сынып жетекші, менторлар көмегі).

Оқу жылының қорытындылары бойынша сапаны талдау

	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы	2024-2025оқу жылы	Динамикасы
7-11 сыныптар				
Оқушы саны	200	204	190	-14
Үздіктер саны	40	40	34	-6
Екпінділер саны	134	141	134	-7
Сапа %	87%	87,44%	88,42%	+0,98

2024-2025 оқу жылында білім сапасы 2023-2024 оқу жылымен салыстырғанда + 0,98 көтерілген. Айтарлықтай көрсеткіш – үздіктер және екпінділер саны төмендеген.


Қорытынды:

Мотивациялық қолдауды арттыру.Критериалды бағалауда үздік пен орташа деңгейлі оқушыны нақты айыратын шкала енгізу Мұғалімдерге үздіктердің білімін әділ бағалау үшін нұсқаулық беру Баға қоюда әділдік принципін сақтау


Жалпы білім беретін пәндер бойынша білім сапасы

Қазақ тілі	7а	7б	7в	8а	8б	8в	9а	9б	10а	10б	11а	11б
Оқушы саны	15	17	15	13	13	15	15	16	19	19	16	17
«5»	3	5	6	1	8	3	7	10	8	7	3	8
«4»	12	12	9	12	5	12	8	6	11	12	12	9
«3»	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
«2»	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Сапа %	100	100	100	100	100	100	100	100	100	100	100	100
Оқу үлгерімнің %	100	100	100	100	100	100	100	100	100	100	100	100

Қазақ тілі пәнінен орташа мектеп бойынша білім сапасы – 100%.Барлық оқушылар санынан 190 оқушы бағдарламаны «5»-ке меңгерген – 73 оқушы(38,4%);«4»-кемеңгергенбілімалушыларсаны– 117(61,57%)




Пән мұғалімдерінің оқыту сапасын салыстыру:




Қазақ әдебиеті	7а	7б	7в	8а	8б	8в	9а	9б	10а	10б	11а	11б
Оқушы саны	15	17	15	13	13	15	15	16	19	19	16	17
«5»	4	5	4	2	9	5	7	9	10	11	3	8
«4»	11	12	11	11	4	8	8	7	9	8	13	9
«3»	0	0	0	0	0	2	0	0	0	0	0	0
«2»	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Сапа %	100	100	100	100	100	93,33	100	100	100	100	100	100
Оқу үлгерімнің %	100	100	100	100	100	100	100	100	100	100	100	100

3

Қазақ әдебиеті пәнінен орташа мектеп бойынша білім сапасы – 99,47 %.Барлық оқушылар санынан 190 оқушы бағдарламаны «5»-ке меңгерген – 82 оқушы(43,15%); «4»-ке меңгерген білім алушылар саны–107(56,31%), қанағаттанарлық «3»-ке меңгерген білім алушылар саны-1




Пән мұғалімдерінің оқыту сапасын салыстыру:




Орыс тілі мен әдебиеті	7а	7б	7в	8а	8б	8в	9а	9б	10а	10б	11а	11б
Оқушы саны	15	17	15	13	13	15	15	16	19	19	16	17
«5»	3	6	6	2	9	4	8	6	8	4	4	9
«4»	10	10	9	9	4	9	7	10	11	15	12	8
«3»	2	1	0	2	0	2	0	0	0	0	0	0
«2»	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Сапа %	86,66	94,11	100	84,61	100	86,66	100	100	100	100	100	100
Оқу үлгерімнің %	100	100	100	100	100	100	100	100	100	100	100	100

Орыс тілі мен әдебиеті пәнінен орташа мектеп бойынша білім сапасы – 96,31 %. Барлық оқушылар санынан 190 оқушы бағдарламаны «5»-ке меңгерген – 68 оқушы(35,78%); «4»-ке меңгерген білім алушылар саны–114(60%), қанағаттанарлық «3»-ке меңгерген білім алушылар саны-8.




Ағылшын тілі	7а	7б	7в	8а	8б	8в	9а	9б	10а	10б	11а	11б
Оқушы саны	15	17	15	13	13	15	15	16	19	19	16	17
«5»	4	9	8	1	8	3	7	3	9	5	3	7
«4»	11	8	7	9	5	12	8	13	10	14	13	9
«3»	0	0	1	3	0	0	0	0	0	0	0	0
«2»	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Сапа %	100	100	100	76,92	100	100	100	100	100	100	100	100
Оқу үлгерімнің %	100	100	100	100	100	100	100	100	100	100	100	100

Ағылшын тілі пәнінен орташа мектеп бойынша білім сапасы – 97,89 %. Барлық оқушылар санынан 190 оқушы бағдарламаны «5»-ке меңгерген – 68 оқушы(36%); «4»-ке меңгерген білім алушылар саны–114(60%), қанағаттанарлық «3»-ке меңгерген білім алушылар саны-8.



Пән мұғалімдерінің оқыту сапасын салыстыру:




Қазақстан тарихы	7а	7б	7в	8а	8б	8в	9а	9б	10а	10б	11а	11б
Оқушы саны	15	17	15	13	13	15	15	16	19	19	16	17
«5»	2	4	3	4	8	5	4	6	10	4	5	6
«4»	13	12	12	7	5	10	11	10	9	15	11	11

«3»	0	1	0	2	0	0	0	0	0	0	0	0
«2»	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Сапа %	100	94,11	100	92,8	100	100	100	100	100	100	100	100
Оқу үлгерімнің %	100	100	100	100	100	100	100	100	100	100	100	100

Қазақстан тарихы пәнінен орташа мектеп бойынша білім сапасы – 98,42 %. Барлық оқушылар санынан 190 оқушы бағдарламаны «5»-ке меңгерген – 61 оқушы(32,1%); «4»-ке меңгерген білім алушылар саны–126 (66,31%), қанағаттанарлық «3»-ке меңгерген білім алушылар саны-3




Пән мұғалімдерінің оқыту сапасын салыстыру:



Алгебра	7а	7б	7в	8а	8б	8в	9а	9б
Оқушы саны	15	17	15	13	13	15	15	16
«5»	3	6	8	2	8	4	3	8
«4»	11	11	7	8	5	9	11	8
«3»	1	0	0	3	0	2	1	0
«2»	0	0	0	0	0	0	0	0
Сапа %	93,33	100	100	76,92	100	86,66	100	100
Оқу үлгерімнің %	100	100	100	100	100	100	100	100

Алгебра пәнінен орташа мектеп бойынша білім сапасы – 96,63 %. Барлық оқушылар санынан

119 оқушы бағдарламаны «5»-ке меңгерген – 42 оқушы(35,29%); «4»-ке меңгерген білім алушылар саны–70 (58,8%), қанағаттанарлық «3»-ке меңгерген білім алушылар саны-7.




Пән мұғалімдерінің оқыту сапасын салыстыру:



Алгебра және анализ бастамалары	10а	10б	11а	11б
Оқушы саны	19	19	16	17
«5»	6	6	7	8
«4»	13	10	9	9
«3»	0	3	0	0
«2»	0	0	0	0
Сапа %	100	89,47	100	100
Оқу үлгерімнің %	100	100	100	100

Алгебра және анализ бастамалары пәнінен орташа мектеп бойынша білім сапасы – 97,18%. Барлық оқушылар санынан 71 оқушы бағдарламаны «5»-ке меңгерген – 27 оқушы(38%); «4»-ке меңгерген білім алушылар саны–41 (57,7%), қанағаттанарлық «3»-ке меңгерген білім алушылар саны-3.



Пән мұғалімдерінің оқыту сапасын салыстыру:




Геометрия	106	116
Оқушы саны	19	17
«5»	7	9
«4»	10	8
«3»	2	0
«2»	0	0
Сапа %	100	100
Оқу үлгерімнің %	100	100


Геометрия

пәнінен

орташа мектеп бойынша білім сапасы – 100%. Барлық оқушылар санынан 36 оқушы бағдарламаны «5»-ке меңгерген – 15 оқушы(41,66%); «4»-ке меңгерген білім алушылар саны–21 (58,33%),




Пән мұғалімдерінің оқыту сапасын салыстыру:




Физика	7а	7б	7в	8а	8б	8в	9а	9б	10а	10б	11а	11б
Оқушы саны	15	17	15	13	13	15	15	16	19	19	16	17
«5»	1	6	2	0	8	3	4	10	6	11	9	9
«4»	13	11	12	12	5	12	11	6	13	8	7	8
«3»	1	0	1	1	0	0	0	0	0	0	0	0
«2»	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Сапа %	93,33	100	93,33	92,3	100	100	100	100	100	100	100	100
Оқу үлгерімнің %	100	100	100	100	100	100	100	100	100	100	100	100


Физика пәнінен орташа мектеп бойынша білім сапасы – 98,42%. Барлық оқушылар санынан 190 оқушының бағдарламаны «5»-ке меңгерген – 69 оқушы(36,4%); «4»-ке меңгерген білім алушылар саны–118 (62,10%), қанағаттанарлық -3.




Пән мұғалімдерінің оқыту сапасын салыстыру:

[illegible]


Химия пәнінен орташа мектеп бойынша білім сапасы – 96,84%. Барлық оқушылар санынан 190 оқушының бағдарламаны «5»-ке меңгерген – 52 оқушы(27,3%); «4»-ке меңгерген білім алушылар саны–132 (69,47%), қанағаттанарлық -6.

[illegible]

Биология пәнінен орташа мектеп бойынша білім сапасы – 98,42%. Барлық оқушылар санынан 190 оқушының бағдарламаны «5»-ке меңгерген – 50 оқушы(26,31%); «4»-ке меңгерген білім алушылар саны–133 (70%), қанағаттанарлық -7.




Пән мұғалімдерінің оқыту сапасын салыстыру:




Информатика	7а	7б	7в	8а	8б	8в	9а	9б	10а	10б	11а	11б
Оқушы саны	15	17	15	13	13	15	15	16	19	19	16	17
«5»	1	3	3	0	8	3	4	8	16	15	12	15
«4»	12	14	12	12	5	12	11	8	3	4	4	2
«3»	2	0	0	1	0	0	0	0	0	0	0	0
«2»	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Сапа %	100	100	100	92,3	100	100	100	100	100	100	100	100
Оқу үлгерімнің %	100	100	100	100	100	100	100	100	100	100	100	100

Информатика пәнінен орташа мектеп бойынша білім сапасы – 99,47 %. Барлық оқушылар санынан 190 оқушының бағдарламаны «5»-ке меңгерген – 88 оқушы(46,31%); «4»-ке меңгерген білім алушылар саны–99 (52,1%), қанағаттанарлық -3.




Пән мұғалімдерінің оқыту сапасын салыстыру:



География	7а	7б	7в	8а	8б	8в	9а	9б	10а	10б	11а	11б
Оқушы саны	15	17	15	13	13	15	15	16	19	19	16	17
«5»	2	6	8	9	11	8	6	12	18	9	6	9
«4»	13	11	7	4	2	7	9	4	1	10	10	8
«3»	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
«2»	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Сапа %	100	100	100	100	100	100	100	100	100	100	100	100
Оқу үлгерімнің %	100	100	100	100	100	100	100	100	100	100	100	100

География пәнінен орташа мектеп бойынша білім сапасы – 100 %. Барлық оқушылар санынан 190 оқушының бағдарламаны «5»-ке меңгерген – 104 оқушы(54,7%); «4»-ке меңгерген білім алушылар саны–86 (45,26%), қанағаттанарлық -3



3 жылдағы пәндер бойынша оқу сапасын салыстырмалы талдау

Пәндер атауы	Білім сапасы			Динамика (2023-2024о.ж салыстыру)
	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы	2024-2025 оқу жылы	
Қазақ тілі	98 %	99%	100%	+1
Қазақ әдебиеті	97 %	98%	99,47 %	+1,47
Алгебра	90 %	91%	96,63%	+5,63
Алгебра анализ бастамалары	94 %	96%	97,25%	+1,25
Геометрия	98 %	97 %	97,18%	+0,18
Физика	98%	96,8%	98,42%	+1,62
Химия	95%	96,7%	96,84%	+0,1
Биология	97%	94,3%	98,42%	+4,12
Қазақстан тарихы	99%	99%	98,95%	+0,5
Дүниежүзі тарихы	98%	98%	99%	+1
Ағылшын тілі	90%	94%	97,89%	+3,89
Орыс тілі/әдебиеті	99%	97%	96,31%	-0,69
География	100%	100%	100%	0
Информатика	100%	100%	100%	0
Абайтану	100%	100%	100%	0

Жалпы білім беретін пәндер бойынша білім сапасында алдыңғы оқу жылдарымен салыстырғанда айтарлықтай өзгерістер бар.

Мәселе: информатика, география , Абайтану пәндерінен үш жылғы сапа көрсеткіштері бойынша бірқалыпты. Биология, алгебра, ағылшын тілі пәндерінде білім сапасы жоғарлаған

Шешім: Осы пән мұғалімдерінің озық тәжірибесін басқаларға тарату Басқа пәндерге интеграцияланған сабақ ұсыну.

Оқушылардың оқу мақсаттарын игеру мақсатында TEDx жобасы.

Оқушылардың сыни ойлауын, сөйлеу мәдениетін, өзіндік зерттеуге негізделген білім алуын қалыптастыру мақсатында TEDx форматындағы шығармашылық жобаларды оқу үдерісіне енгізілді.

TEDx — бұл "Ideas worth spreading" (таратуға лайық идеялар) ұранымен танымал TED халықаралық қозғалысының аясында ұйымдастырылатын, жергілікті деңгейдегі **еркін ой мен білім алмасуға бағытталған алаң**. Оқушылар TEDx форматында қысқа, мазмұнды, зерттеуге негізделген **10–15 минуттық жеке презентация** дайындап, көпшілік алдында **ойын, идеясын ғылыми-шығармашылық тұрғыда** жеткізеді

Күтілетін нәтижелер:

- Оқушылардың зерттеушілік қабілеті мен сөйлеу мәдениеті артады
- Оқу мақсаттарын өмірмен байланыстыру дағдысы қалыптасады
- Әр оқушы өзінің оқу траекториясын шығармашылықпен ұштастырады
- Көпшілік алдында өзін еркін ұстау, сенімді сөйлеу, дәлел келтіру дамиды
- Мектеп ішінде интеллектуалды орта қалыптасады
- Қорытынды:
- TEDx – тек сөйлеу жобасы емес, бұл – оқушыларды терең ойланып, нақты білім мен өмірлік тәжірибені ұштастыра отырып, **оқу мақсаттарын терең меңгеруге жетелейтін тиімді құрал**. Оқушының пәнге қызығушылығы мен өзіндік зерттеу жүргізу дағдысы TEDx арқылы дамды және бұл шығармашылық платформа **заманауи білім берудегі озық әдістің бірі** ретінде мектеп тәжірибесіне қолдануға болады.

TEDx жобасына 7 «А», 7 «Б», 7 «В», 8 «А», «Б», 8 «В» сынып оқушыларынан -47 оқушы қатысты.

Аралық аттестаттауды талдау

«Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне бағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығының 35 тармағы (2023 жылғы 14 шілдедегі № 208 бұйрықпен енгізілген өзгерістерімен) негізінде, 2024 жылдың 12 сәуіріндегі №5 педагогикалық кеңесінің қаулысы негізінде 26 мамыр аралығында «Қазақ тілі» пәнінен емтихан өткізілді.

Емтиханның мақсат-міндеттері:

- білім алушылардың «Қазақ тілі» пәні бойынша оқу бағдарламасының көлемін меңгеру деңгейін негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (бұдан әрі – МЖМББС) талаптарына сәйкес бағалау.

- білім алушылардың білім берудің келесі деңгей материалдарын игеру дайындығын бағалау;

- функционалдық сауаттылықтарының қалыптасу деңгейлерін бағалау.

Аралық емтихан сараптамасы SWOT талдау арқылы жасалды.

Емтиханға қатысқан оқушылар саны - 126.

«5»-ке тапсырғандар 44 білім алушы, ол 34,9 % -ды құрайды. Ең көп «5»-ке тапсырған сыныптар:

8«Б» – пән мұғалімі Муратов М.Б.;

10«А» – пән мұғалімі Онгарбай Ж.;

10«Б» – пән мұғалімі Онгарбай Ж.;


«4»-ке тапсырғандар 79 білім алушы, ол 62,6 % -ды құрайды.

Кемшіліктері: «3»-ке тапсырған 3 білім алушы ол 2,3%-ды құрайды.

8«В»-3 оқушы пән мұғалімі Онгарбай Ж.

Себептер: Тақырыптық білім олқылықтары – морфология, синтаксис, сөйлем құрылымы т.б. түсінбеу. Оқу сауаттылығы төмен – мәтінді талдай алмау, ойды жазбаша жеткізе алмау.

Шешім: 2025-2026 оқу жылының басынан оқушыларды қазақ тілінен аралық аттестаттауға дайындау. Диагностикалық тапсырма арқылы нақты қай тақырыптарда қиналатынын анықтау.



Қорытынды аттестаттауды талдау

Оқу жылы	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы	2024-2025 оқу жылы	Динамикасы
Түлектер	43	49	33	-16
Білім сапасы%-бен	87%	87,44%	88,42%	+2%
Үздік аттестат	10	5	3	-2
Алтын белгі	7	5	2	-3

Қорытынды аттестаттаудың нәтижелері (11-сыныптар)

Сынып/ Оқушы лар саны	пән	Оқужылыны ң қорытындыс ы		Қорытынды аттестаттаудың нәтижесі		% жылды қ бағада н төмен	% жылды қ бағада н жоғар ы
		Үлгері м	Сапа	Үлгерім	Сапа		
33 оқушы	Қазақ тілі	100%	100	100%	100	-	-
	Алгебра	100%	100	100%	100	-	-
	Қазақстан тарихы	100%	100	100%	100	-	-
	Орыс тілі мен әдебиеті	100%	100	100%	100	-	-
	Құқық негіздері (2оқушы)	100%	100	100%	100	-	-
	Дүниежүзі тарихы (5оқушы)	100%	100	100%	100	-	-
	Ағылшын тілі (1оқушы)	100%	100	100%	100	-	-
	Қазақ әдебиеті (5 оқушы)	100%	100	100%	100	-	-
	Физика (4оқушы)	100%	100	100%	100	-	-
	География (4 оқушы)	100%	100	100%	100	-	-
	Информатика (2 оқушы)	100%	100	100%	100	-	-
	Геометрия (2 оқушы)	100%	100	100%	100	-	-
	Биология (6оқушы)	100%	100	100%	100		-
Барлығы	33 оқушы	100%	100	100%	100	-	-

Қорытынды аттестатту нәтижесінде оқушылардың жылдық бағаларымен емтихан бағалары салыстырылды.

Емтихан бағалары мектеп бойынша білім сапасының жылдық көрсеткіштерін төмендеткен жоқ.

Қорытынды аттестаттаудың нәтижелері (9-сыныптар)

Сынып / Оқушы лар саны	пән	Оқу жылының қорытындыс ы		Қорытынды аттестаттаудың нәтижесі		% жылды қ бағадан төмен	% жылды қ бағадан жоғары
		Үлгері м	Сапа	Үлгерім	Сапа		
	Қазақ тілі	100%	100	100%	100%	-	-
	Алгебра	100%	100	100%	100	-	-
	Орыс тілі мен әдебиеті	100%	100	100%	100	-	-
	Қазақстан тарихы (12 оқушы)	100%	100	100%	100	-	-
	Физика (3оқушы)	100%	100	100%	100	-	-

Барлығы	Химия (1 оқушы)	100%	100	100%	100	-	-
	Қазақ әдебиеті (5 оқушы)	100%	100	100%	100	-	-
	Ағылшын тілі (5 оқушы)	100%	100	100%	100	-	-
	Биология (4 оқушы)	100%	100	100%	100	-	-
	31 оқушы	100%	100	100%	100	-	-

Қорытынды : Оқушылардың қорытынды аттестаттауға дайындық деңгейі жылдық білім сапасына сәйкес келеді.

**Көкшетау қаласы, Абай атындағы (қазақ тілінде оқытылатын) дарынды балаларға
арналған №3 облыстық мамандандырылған мектеп-интернаты
2024-2025 оқу жылы атқарылған
ғылыми-әдістемелік жұмыс туралы
ЕСЕП**

2024-2025 оқу жылы мектептің ғылыми-әдістемелік жұмысы «Цифрландыруды оқу процесінде пайдалану арқылы педагогикалық ұжымның кәсіби шеберліктерінің өсуіне ықпал жасау» әдістемелік тақырыбында жүргізілді. Әдістемелік жұмыстың мақсаты: Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі мен шығармашылығын жетілдіру. Міндеттері: ЖИ негізінде мұғалімдерге әдістемелік тәсілдерді жүзеге асыруға, педагогикалық бағыттағы шығармашылық ізденісте болуға, біліктілік арттыру курстарында оқытудың ерекшеліктері мен түрлерін зерттеуге, сабақтарды жоспарлауға, оқу жетістіктерін бағалауға, қолданыстағы білім беру бағдарламаларын, жоспарларын, мемлекеттік білім стандарттарын оқып, зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруға, жаңа нормативтік құжаттар, нұсқау-әдістемелік материалдармен танысуға, жас мамандарға, жаңадан келген педагогтарға ғылыми-әдістемелік жұмысында, оқушылардың зияткерлік және шығармашылық құзыреттілігін дамытуға дербес және жеке көмек көрсету. Осы мақсат пен міндеттерді орындауда педагогтар жыл бойы педагогикалық және әдістемелік кеңестерге, ғылыми-практикалық конференциялар мен форумдарға, педагогикалық оқуларға, семинар-тренингтерге белсенді қатысты, шығармашылық есептер жасады, кәсіби конкурстарға қатысты, біліктілік курстары мен аттестаттаудың тестілеуіне барды, шебер-сыныптар мен ашық сабақтар, коучингтер өткізді, дарынды оқушылармен жұмыс негізінде халықаралық, республикалық, облыстық конкурстар мен олимпиадаларға оқушыларын қатыстырып жетістіктерге жетті. Мектептің ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында әр апта сайын оқу-әдістемелік жұмыс бойынша ақпарат мектеп сайтына, әлеуметтік желілердегі параққа орналастырылып тұрды.

Инновациялық қызметті дамытудың тиімділігі:

2024 - 2025 оқу жылы мектеп-интернатында 36 педагог жұмыс атқарды, оның ішінде магистрлік дәрежесі бар 9 педагог. Барлық педагогтар пәндер негізінде топтасқан әдістемелік топтарда жыл бойы әдістемелік жұмысқа белсенді қатысты. Педагогтердің жалпы санынан «педагог-зерттеуші», «педагог-шебер» біліктілік санаты бар педагогтердің үлесі 42% құрайды.

Педагог-тар саны	Біліктілік санаттары									
	Ше-бер	Зерт-теуші-	Сарап-шы	Моде-ратор	% үлесі	Жоғары	Бірін-ші	Екін-ші	Жоқ	% үлесі
36	0	13	0	10	42%	2	0	0	11	58%

Мұғалімдердің кәсіби біліктілігі мен педагогикалық шеберлігін арттыру мақсатында биылғы оқу жылы 6 педагог біліктілік курстарынан өтті. Барлық педагогтар курс бағдарламасы бойынша 80 сағатты меңгеріп, модульдер бойынша тиісті білім мен дағдыларды көрсетіп, біліктілікті арттыру курсының сертификаттарына ие болды. Жаз айларында да педагогтерді біліктілік курстарына жіберу жоспарлануда.

**2024-2025 оқу жылы біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогикалық
қызметкерлердің тізімі**

№	Мұғалімнің аты-жөні	Пәні	Тақырыбы	Уақыты	Өткен орны
1	Курмашева Анаргүл Назымбековна	Жаһандық құзыреттер	Орта білім берудегі жаһандық құзыреттілік курсы	26.05 – 05.06 2025 ж.	«Өрлеу» ПҚБАИ Көкшетау № 0866400
2	Болатов Байжан Жанболатович	Физика	"Пәнаралық интеграция негізінде физика пәнін тәжірибеге бағыттап оқыту"	26.05 – 05.06 2025 ж.	«Өрлеу» ПҚБАИ Көкшетау № 0866514
3	Онгарбай Жұлдыз	Қазақ тілі мен әдебиеті	"Қазақ тілінде оқытатын мектептердегі «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндері педагогтерінің пәндік және кәсіби құзыреттіліктерін дамыту"	26.05 – 05.06 2025 ж.	«Өрлеу» ПҚБАИ Көкшетау № 0866426
4	Ахат Алтыншаш Досымбекқызы	Қазақ тілі мен әдебиеті	"Қазақ тілінде оқытатын мектептердегі «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндері педагогтерінің пәндік және кәсіби құзыреттіліктерін дамыту"	09.06-20.06	«Өрлеу» ПҚБАИ Көкшетау № 0866783
5	Даулеткалиева Толкан Болатбековна	Қазақ тілі мен әдебиеті	"Қазақ тілінде оқытатын мектептердегі «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндері педагогтерінің пәндік және кәсіби құзыреттіліктерін дамыту"	09.06-20.06	«Өрлеу» ПҚБАИ Көкшетау № 0866784
6	Айдарханов Алихан Нурланович	Ағылшын тілі	"Развитие рецептивных и продуктивных навыков в преподавании и обучении английскому языку"	09.06-20.06	«Өрлеу» ПҚБАИ Көкшетау № 0866732

Педагогикалық шеберлік пен ғылыми зерттеу және мұғалімнің іскерлік біліктілігін шығармашылық ізденіске қызығушылығын арттыру, оқу-тәрбие процесінің сапасы мен тиімділігін жақсарту мақсатында мектепте 4 әдістемелік бірлестік құрылды: «Тілдер және тарих бірлестігі», «Химия, биология және география бірлестігі», «МИФ бірлестігі» және «Эстетикалық және дене тәрбиесі бірлестігі». Бірлестіктер озық іс тәжірибені жинақтап,

педагогикалық ғылым жетістіктері мен озық іс - тәжірибені мектеп өміріне енгізуге мүмкіндік тудырып, оқу-тәрбие жұмысын жетілдіру сұрақтары бойынша әдістемелік жұмыстар жүргізді.

Жыл бойы бірлестіктер коучинг, шебер-сынып, семинар - тренингтар, ашық сабақтар мен интеллектуалдық сайыстар жоспарлап өткізді. Барлық ақпарат әлеуметтік желідегі параққа орналастырылып тұрды.


Жаратылыстану-математикалық, қоғамдық - гуманитарлық цикл мұғалімдері арасында пәндік-әдістемелік құзыреттер мен ғылыми әлеуетті дамыту контекстінде озық, инновациялық тәжірибені жинақтау және тарату, сондай-ақ педагогтердің өздігінен білім алу және кәсіби өзін-өзі дамыту процестерін ынталандыру үшін тәжірибе алмасу бойынша мектеп педагогтары облыстық, республикалық деңгейде өткен конференцияларға, форумдар мен семинарларға және кәсіби конкурстарға белсенді қатысты, сөз сөйледі.

2024 жылдың 28-30 қазан күндері Ақмола облысы білім басқармасы қолдауымен "Ақмола дарыны" дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығымен бірлесе отыра, Абай желілік мектептері арасында V Республикалық «Іші – алтын, сырты – күміс сөз жақсысы...» шешендік өнер байқауы өткізілді. Байқау алғаш рет жаңа форматта – оқушылар жұптасып сайысу түрінде өтті. Республикамыздың Абай желілік мектептерінен келген оқушылар бірінші күні Көкшетау қаласының музейлеріне саяхат жасаса, екінші күні **«Бурабай – Қазақстанның інжу-маржаны»** Бурабай мемлекеттік табиғи ұлттық паркіне барды.



29 қазан күні шешендік өнер байқауы аясында «Қазақ тілі мен әдебиеті, шешендік өнерді дамытудағы өзекті мәселелер мен жетістіктер» тақырыбында республикалық семинар өтті. Семинарға еліміздің 12 облысы мен қалаларынан келген ұстаздар тәжірибелерімен бөлісті және мектебіміздің қазақ тілі және әдебиеті мұғалімдері Ахат А.Д., Онгарбай Ж., Даулеткалиева Т.Б., Муратов М.Б. және биология пәні мұғалімдері, оқу және бейінді оқыту орынбасарлары Мукашева А.Б., Торсунова Б.Р., тәрбие ісінің орынбасары Кайржанова М.Н., мектеп директоры Курмашева А.Н. – модератор болып, сөз сөйледі. Павлодар, СҚО және Астана қаласының Абай мектептерінің басшылары да семинарға қатысып, тәжірибе алмасты. Ұйымдастырылған семинар мектеп базасында өтсе, V Республикалық «Іші – алтын, сырты – күміс сөз жақсысы...» шешендік өнер

байқауы «Bolashaq sarayı» ШЖҚ МКК базасында өткізілді. Сайыста жеңімпаз атанған оқушылар мен жетекшілері ақшалай сертификаттармен және арнайы сыйлықтармен марапатталды. Аталған іс – шара Ақмола облысы білім басқармасының және мектептің интаграм парақшасына салынды.



2024 жылдың 26 желтоқсанында «КОМЕКТИMES» бағдарламасы аясында Зеренді ауданы Дөңгілағаш негізгі мектебі ұжымымен оқу - әдістемелік бағытта Zoom платформасы арқылы онлайн семинар өткізілді.

Семинардың модераторы, мектеп директоры - Курмашева Анаргүль Назымбековна болса, семинардың алғы сөзін Ақмола облысы білім басқармасының «Ақмола дарыны» дарынды балалар мен жастарды анықтау және қолдау жөніндегі орталығы басшысының орынбасары Алдабергенова Аяғоз Жунусовна бастап берді. Семинарға «Ақмола облысы білім басқармасының әдістемелік орталығы» КММ Жалпы орта білім беруді дамыту, үлестіру бөлімінің басшысы Омарова Айгүль Бекеновна қатысып, «Ақмола облысы бойынша «Қала мектептерінің ауыл мектептеріне қамқорлығы» жобасы аясында өткізіліп жатқан іс-шаралар туралы» айтып баяндады. Негізгі спикерлер: Физика пәнінің мұғалімі, педагог - модератор Болатов Байжан Жанболатович ««Gamma app» тапсырмаларды құрастыруда қолданылатын жасанды интеллект (ЖИ) құралы» тақырыбында, химия пәні мұғалімі, педагог - модератор Сағатай Айдана Асқарқызы «Magic school платформасын» тиімді қолдану» тақырыбында, информатика пәні мұғалімі, педагог - модератор Караманова Гулнур Максетовна «Quizwhizzer платформасын сабақтарда тиімді қолдану

арқылы оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру» тақырыбында тәжірибелерімен бөлісті. Семинар барысында сұрақтар қойылып, өзара кері байланыс жасалып отырды. Ұсыныс ретінде жоғарыда көрсетілген платформалар туралы таратпа материалдар жасалып, әдістемелік жинақ жасалу жоспарлануда. Қатысушы педагогтерге ұсыныстар айтылып, жеке кеңестер берілді.

16.04.25 күні биология пәнінің мұғалімі, экология магистрі, педагог – зерттеуші Маженова А.А. Ақмола облысы білім басқармасының «Әдістемелік орталығының» әдіскері Даниярова Ж.К. қатысуымен және Көкшетау қаласының «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ педагогтердің кәсіби дамыту орталығы тренері Жуманбаева А.О., «Химия» пәні бойынша курс тыңдаушыларына және «Komektimes» жобасы негізінде Дөңгілағаш НМ ұстаздарына және өз мектебіміздің ұстаздарына «Авторлық бағдарлама – ұстаздың зерттеу жұмысы» тақырыбында семинар - практикум өткізді.



Семинар – практикум барысында ұстаздар топтарда жұмыс жасап, авторлық бағдарлама жазудың сатылары және критерийлерімен танысты. Авторлық бағдарламаның тақырыбын таңдау, сараптамадан сәтті өтудің қыр – сырларын айтып өтті. Нәтижесінде тыңдаушылар алғыстарын айтып, алдағы уақытта бағдарлама жазуға бел буды.

««Біртұтас тәрбие» бағдарламасының құндылықтар жүйесінің оқу-тәрбие үрдісінде жүзеге асырылуы» облыстық семинар кеңесінде «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» бақытындағы жұмыстар жүйесі тақырыбында тәрбие ісінің орынбасары Кайржанова М.Н. тәжірибе алмасып сөз сөйлегені үшін сертификат алды.

«Білім берудегі психологиялық қызметтің даму сатылары мен болжамдары. Аمانымыздың өзекті мәселелері» атты І аймақтық форумына мектеп директоры, педагог – психолог Курмашева А.Н. және педагог – психолог Рысмагамбетова А.М. қатысты. Форум аясында Айдана Муратовна мақаласын жариялағаны үшін сертификатпен марапатталды.

Ағылшын тілі мұғалімі Айдарханов Алихан Нурланович «Digital literacies and AI: new trends in teaching English» тақырыбында өткен семинарға қатысты және Macmillan education өткізген «Advancing learning seminar Engaging and Empowering learners: Innovative approaches to language teaching» семинарына қатысып, сертификат алды. Бұдан бөлек аймақтық дебат турнирлерінде төрешілік жасап, ағылшын лигасы мен қазақ лигасының төрешілік жасағаны үшін алғыс хатпен марапатталды.

2025 жылғы 29 сәуір күні Көкшетау қаласының Әл – Фараби атындағы ІТ – лицей базасында өткен «Логикалық және олимпиадалық есептерді шешудің оңай жолдары» тақырыбында облыстық семинарға мектебіміздің 3 математика мұғалімі Шалабаева А.Б., Курманалина А.С., Куспекова К.М. қатысты.

2024 - 2025 оқу жылы республикалық, облыстық кәсіби шеберлік конкурстарына 5 мұғалім қатысты. Жеңімпаз болған педагогтер саны - 5.

«Үздік педагогі-2024» облыстық кәсіби шеберлік байқауына Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің мұғалімі Шокаев А.Е. жүлделі І орынды және 100 000 теңге сертификат иеленді.



